



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына, Жалпыұлттық
социал-демократиялық партия
фракциясының мүшелеріне**

*2023 жылғы 26 сәуірдегі № ДС-101
депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесі жұмыс істейді.

Ортақ және базалық зейнетақы төлеу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жинақтаушы зейнетақы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан (бұдан әрі – БЖЗҚ) және еңбек жолында жинақтаушы зейнетақы жүйесіне (бұдан әрі – ЖЗЖ) міндетті және ерікті жарналарды тұрақты аударып отырған зейнеткерлерге ғана төленеді.

БЖЗҚ жеке-дара есептелетін азаматтардың жеке жинақтарын сақтауды жүзеге асырады.

Зейнетақы жинақтарының төлемдері олар таусылғанға дейін алушының жеке зейнетақы шоты арқылы жүзеге асырылады. Ал салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда зейнетақы жинақтарының қалғаны азаматтық заңнамаға сәйкес мұраға қалдырылады.

Бұл ретте, БЖЗҚ-ның басқа салымшыларының қаражаты (зейнетақы жарналары) ағымдағы алушыларға зейнетақы төлеу үшін пайдаланылмайды.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес мемлекет зейнетақы алушыларға инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген жарналар мөлшерінде БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары мен кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік беретінін атап өткен жөн.

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетте міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді төлеуге 7,3 млрд теңге сомасында қаражат көзделген (2023 жылы – 2,4 млрд теңге, 2024 жылы – 2,4 млрд теңге, 2025 жылы – 2,4 млрд теңге).

Ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 15,4 трлн теңгені құрады, оның 36%-і инвестициялық табыс есебінен қалыптасқан.

Орташа міндетті зейнетақы жарнасының сомасы 34,5 мың теңгені құрайды.

ЖЗЖ құрылған сәттен бастап зейнетақы активтерінің жинақталған кірістілігі ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 732,3%-ті құрады, ал осы кезеңде жинақталған инфляция 678,1% болды.

Барлық зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілген сәттен бастап (2014 жылдан 2022 жылға дейін) жинақталған инфляция 113,7% болған кезде Ұлттық Банктің жинақталған табыстылығы 115,9%-ті құрады.

БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуының мемлекеттік кепілдігі төлем жасауға құқығы бар салымшыларға ғана төленеді (зейнеткерлік жасқа толу және заңнамада көзделген басқа да шарттар).

Кірістілік пен инфляция көрсеткіштерін салыстыру жарналарды жинақтаудың бүкіл кезеңінде (еңбек қызметі кезеңінде) жүргізілетіндіктен, белгілі бір жылдың мемлекеттік кепілдігі бойынша төлемдер көлемі әрдайым төлем құқығы басталған жылдың кірістілігі мен инфляциясы бойынша көрсеткіштермен тікелей байланысты бола бермейді.

Соңғы 6 жылда инфляция көрсеткіші тек 2022 жылы инвестициялық кірістілік көрсеткішінен асып түсті. Бұл сыртқы және ішкі қаржы нарықтарының құбылмалылығына байланысты.

Анықтама:

	2017	2018	2019	2020	2021	2022
ЗЖ кірістілігі, %	7,9	11,3	6,6	10,9	11,1	6,6
Инфляция, %	7,1	5,3	5,4	7,5	8,4	20,3

Willis Towers Watson тоқсан сайынғы талдамалық есептеріне сәйкес, 2022 жыл жаһандық дисконттау мөлшерлемелерінің жылдам өсуімен, сондай-ақ активтердің төмен кірістілігімен ерекшеленетінін айта кету керек.

Анықтама: сарапшылардың мәліметтері бойынша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің оң кірістілігін Бразилия ғана көрсетті (10,3%). Зейнетақы нарықтары бойынша қалған өңірлерде инвестициялық шығын тіркелді: Ұлыбритания – (-33,6%), Канада – (-16,4%), Швейцария – (-14,9%), АҚШ – (-14,7%), Еуроаймақ – (-13,9%), Жапония – (-5,6%).

Бұл ретте, әлемдегі күрделі макроэкономикалық жағдайға қарамастан, Ұлттық Банктің қолданыстағы инвестициялық стратегиясы 2022 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің 6,6% мөлшеріндегі оң номиналды кірістілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Зейнетақы жинақтарын қалыптастырудың ұзақ мерзімді сипатын назарға ала отырып, ЖЗЖ тиімділігін объективті бағалау бір жыл ішінде жүзеге асырыла алмайды.

Осылайша, бүгінгі таңда зейнетақы активтерін инвестициялау шарттары инфляцияның орнын толтырады және тұрақты кірісті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Үкімет 2022 жылдан бастап инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін іске асыруда.

Шаралар кешені ішкі нарықтағы отандық тауарлардың үлесін ұлғайтуға, тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі тетіктерді дамытуға, бөлшек сауданы қолдауға, баға белгілеуді бақылауға, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеуге бағытталған іс-шараларды іске асыруды көздейді.

Елдің негізгі азық-түлік тауарларымен өзін-өзі толық қамтамасыз етуін, сондай-ақ олардың сапасы мен қауіпсіздігін арттыруды, нарықта болуы мен экономикалық тұрғыдан қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары іске асырылуда.

Бұдан басқа, шекті көрсеткіштер асып кеткен жағдайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (*бұдан әрі – ӘМАТ*) шекті бағаларды енгізу көзделген. Жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде ӘМАТ бағасын біртіндеп тұрақтандыру қамтамасыз етіледі.

Жалпы, Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп орта мерзімді кезеңде инфляция деңгейін кезең-кезеңімен төмендету жөнінде жүйелі шаралар қабылдауда.

Ә. Смайылов